



«Аяла» санаторлық бөбекжай» коммуналдық мемлекеттік мекеме

Әжелер мектебі

«Отбасым-бақыт мекенім»

Ақсукент 2024 ж

«Отбасым – бақыт мекенім».

Құрметті әріптестер, әжелер «Аяла» санаторлық бөбекжай» педагогтерінің үйымдастыруымен өткелі отырган «Отбасым – бақыт мекенім» атты іс шарамызға қош келіпсіздер.

Ұлттың ұлт болып үйисуы қашан да оның тілі мен ділінің, салт-дәстүрінің бекемдігіне байланысты. Осы құндылықтарды қалыптастырып, негіздеуші рухани бастаулар отбасылық тәрбиеде жатыр. Отбасылық тәрбие адам өміріне әсер етіп қана қоймай, дүниетанымын да қалыптастырады. Өнегелі шаңырактан шықкан жанның қогамдағы орны да биіктे болмак. Осы ретте отбасындағы ата мен әженің ролі ерекше. Өйткені, бала да, немере-шөбере де алдымен ата-анасының, сосын атасы мен әжесінің қас-қабагына қарап өседі. Солардың берген тәлім-тәрбиесін бойына сіңіріп, ержетеді.

әжелер – даналықтың бұлғалы. Қай бала да әжесінің әлди мен ертегісін, ұлагатты сөздерін ести келе жақсы азамат болып өседі. Әйткенмен, бүгінгі таңда немерелеріне ертегі айтатын әжелер азайып кеткендей алаңдаймыз. Әсіресе, қалада тәрбиеленгендер бесік жырын былай койғанда немерелеріне ертегі айтып бере алмайды.

Әжем менің ақ әжем,
Ешкімде жоқ бұл әжем.
Ертегі айтып береді,
Мағанда сол керегі.
Әжемді жақсы көремін
Өлең айтып беремін
Үлкен болып өскенде
Бәрін алып беремін.

Мектепке дейінгі үйымның мамандары ата-аналарға баланы тәрбиелеу мәселелері бойынша бағыт-бағдар беруі қажет. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебінің» қызметі балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, оларды мәдени - әлеуметтік нормаларға баулуға, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі үйымның күш жігерін біріктіруге бағытталуы қажет. Біз енді осы үшешінің ішінен «Әжелер мектебін» аштық. Отбасында балаларды тәрбиелеумен көбінесе ага буын – аталар мен әжелер айналысты. Даны қарттар отбасындағы дәстүрлерді сақтап, оларды өскелен үрпаққа жеткізеді.

Қазақ халқы «Қызға қырық үйден тыйым салу» деген мақалдың магынасына көніл бөліп, қыздардың тәрбиесіне ерекше мән берген. Жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қызы баланы – бүкіл бір ұлттың тағдыры мен болашагы деп білген.

Қазақ отбасында ұлдардың тәрбиесімен ер адамдар (әкесі, атасы, ағасы және т.б.) айналысса, ал қыздардың тәрбиесі аласына, әжесіне жүктелді. Қарты бар үйдің қазынасы бар демекші.. Әжелер сіздерге осы бір өлең шумагын айтып өтсем.

Отбасы-мемлекеттің негізгі буыны. Тәрбие – отбасынан басталады, болашақ үрпақтың еліне, Отанына деген сүйіспеншілігі алдымен ата-ананың ықпалы мен қалыптасады. «Дәulet есіктен, ақыл бесіктен кіреді» демекші білім бесігі мектептен тәрбие бесігі отбасынан бастау алады. Отбасының екі тірегі-әлпештеген әке мен аялаған ана. Отбасы-адам баласының тұп қазығы, алтын ұясы.

Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол органдың ыстық-сұзығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен ер азаматқа жүктеледі. Баланы өсіріп тәрбиелеу – әйел ананың тікелей міндепті.

1. Әжелер енді өдерінізді таныстыра отырып, біздің «Аяла» санаторлық бөбекжайымызға балаларымызға деген тілектерінізді айтып өтсөніздер.
2. Келесі кезекте бізде сұрақ- жауап

1. Отбасы дегенді қалай түсіндіріп бересіздер
2. Отбасының басшысы кім?
3. Барлық отбасы бірдей болады деп ойлайсыздарма?
4. Отбасыларыныңда қыыншылықтар болдыма?
5. Отбасының бүкіл міндепті кімдерге жүктелген?

3. Ал енді әжелер сіздерге біздің «Сұнқар» тобының қыздары тәрбиеші апайларымен бірге текеметтің жасалу жолдарын көрсетсе сіздер соны тамашалап бағалап берсөніздер.

Енді «Әжесін қайсысы жақсы көреді?» атты көріністі тамашалайық. Балалар, атамыз, әжеміз, әкеміз, анамыз бізді еркелетіп айтады. Олар сендері «айым», «күнім», «жүлдізым» т. б әдемі сөздермен еркелетіп айтады. Қане, отбасында сендердің кімдер және қалай еркелетеді екен?

Балалар, біз әжелерімізден бірге бір ойын ойнайық.
Ойынның шарты: Ортага 4- 5 бала шығады. 1 - 2 әженің көздері байлаулы күйде солардың ішінен өз немересін тауып алады да, қандай ерекшеліктерімен тапқандықтарын ауызша айтып береді.

«Күннен жылу тарайды, анадан мейірім тарайды» деген қасиетті сөз тегін айттылмаган. Яғни, қазір біз өз балаларымыздың бойындағы иғі жақсы қасиеттерді бір ауыз сөзбен күн шуағына жазып шығамыз.
(әр ата - ана жақсы қасиеттерді жазып, күнге жапсырады.)

Балалар, міне, күн шуағынан керемет қасиеттер пайда болды. Сендердің бойларындағы бар жақсы қасиеттерінді әжелерің осы күн шуағы арқылы жеткізіп берді.

Біз бүгін өзімізге жақын, ең қымбат ата - әжеміз туралы, ең сүйкімді іні - карындаңас, ага - әпкеміз туралы әңгімелестік. Біз оларды жақсы көруді, сыйлауды үйрендік. Олардың бізге тек жақсылық тілейтінін білдік.
Отбасы - ол үлкен қуаныш, шаттық, мейірімділік, қамқорлық, сүйіспеншіліктің ортасы.

Ата - аналарың сендердің нағыз адам болып өскендерінді қалайды. Сендерді жаксы көретін адамдардың сенімі мен еңбегін актауга тырысайық. Эркашан отбасы мушелерін сыйлап, құрметтеу керек екендігін ұмытпайық. Әжелер сіздер немерелеріңізге жылы сөздеріңізді айтыңыздар.

- Күндей жылы бол!

- Алмадай тәтті бол!

- Айдай жарық бол!

- Жұзік сияқты әдемі бол!

Құрметті әжелер ! Бұғынгі біздің «Отбасым - бақыт мекені» атты әжелермен танысу іс шарамыз аяқталды. Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!

